

Педагогикалық әдеп кеңесі

ХАТТАМА №1

Күні: 28.08.2024ж

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде тыңдалатын мәселелер

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту
2. Әдеп дегеніміз не?
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

Күн тәртібінде қаралып, тыңдалды:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы №190 бұйрығын негізге ала отырып «Гаухар» балабақшасының педагогикалық кеңесінің шешімімен «Педагогикалық әдеп» кеңес мүшелері сайлансын.

Кеңес төрағасы: Сәбенова Назгуль Жоламановна - Темір аудандық бастауыш кәсіподақ төрайымы

Кеңес мүшелері: Жангалиева Эльмира Тунгатаровна - Темір аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйым әдіскері

Бисенгалиева Зоя Елешовна - зейнеткер педагог

Абдрахманова Айгул Жумагалиевна - тәрбиеші

Ажигали Акерке Сансызбаева - тәрбиеші

Кенжалиева Дилнора Зулфхарқызы - тәрбиеші

Алдамжарова Мөлдір Санабиловна - кәсіподақ ұйымының төрайымы

Хатшы: Қуанышбай Тоғжан Абатқызы

2. А.Е.Сисенбаева «Әдеп дегеніміз не?» тақырыбы бойынша түсінік берді. **Әдеп** (араб.: أدب **адаб**) - қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы. Әдеп - 1. Моральдық категория, адамдар қарым-қатынасында ізгілік нормаларын мүлтіксіз орындауды білдіретін ұғым. Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп, тәрбие, ізеттілік, сыпайылық, ибалылық. Қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіреді. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты.

Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. Игі әдетпен, өміршен әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістердің, имандылықтың тірек негізі.

Әдептің қоғамдағы басты қызметі

Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық

қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен


байланысты. Бұл сипатта Әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған. Әдеп өлшемдері арнаулы қаулы арқылы жарияланбайды және олар данышпан адамдардың ойлап тапқан құндылықтары емес. Әдеп ережелері өркениет пен мәдениеттен сұрыпталып алынған.

3. Педагогикалық этика туралы заңымен Кеңес мүшесі А. Абрахманова таныстырды.


Күн тәртібінде талқыланып шешілді:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері бір ауыздан сайланды.
2. Педагогикалық әдептің үнемі сақталатындықтары атап айтылып өтті.

Педагогикалық әдеп кеңес төрайымы:

 Н. Ж. Сабенова

Хатшы:

 Т. А. Қуанышбай